

**BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 6, Number 352 (2014), 105 – 106

**THE MECHANISM OF FORMATION OF THE "ASAR" INSTITUTE  
IN THE TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY**

**D. A. Tursynkulova**

Kazakh National university named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** custom, tradition, common law, adat, Asar, amengerlyk, sauyn, biys institute, mutual.

**Abstract.** This article considered the mechanisms of formation and development of the "Asar" institution of mutual assistance in the traditional society of Kazakhs.

УДК 342.6

**ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА “АСАР” ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ҚАЛЫПТАСУ МЕХАНИЗМІ**

**Д. А. Тұрсынқұлова**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** әдет-ғұрып, салт-дәстүр, әдет құқығы, адат, асар, әменгерлік, сауын, билер институты, өзара көмек, жұртшылық.

**Аннотация.** Қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесіндегі маңызды институттардың бірі Асар институтының қолдану механизмінің ерекшілігі. Асар жүйесі қазақ қоғамының, оның шаруашылық жүргізу үрдісінің сан ғасырлық даму тәжірибесінің жемісі болып табылады. Асар институты ағайынгершіліктің шынайы көрінісі және еліміздің ауызбіршілігін сактауға аз да болса, ықпал етуші көнеден келе жатқан дәстүр.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесіндегі маңызды институттардың бірі Асар болып табылады. Жалпы асар жүйесі қазақ қоғамының, оның шаруашылық жүргізу үрдісінің сан ғасырлық даму тәжірибесінің жемісі болып табылады. Асар жүйесінің қалыптасуына қазақ қоғамында қалыптасқан көшпелі өмір салты үлкен ықпал етті. Былайша айтқанда, асар жүйесі көшпелі өмірдің туындысы және жемісі болып табылады.

Асар институтының қалыптасуы Қазақстан аумағында ежелгі сак дәүірлеріне барып тіреледі. Кейінгі ғұн империясы тұсында және түркі қағанаттарында Асар институты өзінің қалыптасуын басынан кешірген болатын. Кейінгі қазақ ордасындағы асар жүйесінің класикалық үлгісі сонау дәүірлердің нәтижесі болып табылады. Қазақ қоғамында осы күнге дейін ел арасында қолданылып жүрген асар жасаудың тәртібі мен тетіктері қазақ ордасында орнығып, толысты. Бұл кезеңде, сонымен қатар қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінің басқа институттарда өзінің кемеліне келген болатын.

Жалпы асар институтының мәні мен мазмұны туралы қазіргі кезеңдегі анықтамалардың бірінде мынандай түсінік беріледі: “Қазақ халқының өміріндегі еңбек үрдісіне байланысты туған бұл ізгілікті дәстүр бойынша, белгілі бір шаруаны үлкен-кіші демей, барлық ауыл адамдары болып бірігіп тындырады еken. Қөптің күшімен атқарылатын мұндай іс-қарастетті асар деп атаған. Сірә, “Жұмыла көтерген жүк женіл” деген сез содан шықса керек. Айталақ, ауылды жерлерде жас шаңырақ иелеріне үй салу да көбіне жақын-жынық, көрші-көлем қолқабысымен жузеге асырылған. Яғни, арнайы заттай шығынсыз-ақ баспаңа тұрғызылған. “Тоқалы той, топырақты өлім” аталған шактарда да ағайындардың бірлесіп кететін дәстүрі бар. Асарға шакырылған адамдар міндетті түрде келетін болған. Егерде бір рет асар жасағанда шаруа бітпей калса, екі рет еткізген. Осынау бір ізгілікті, қайырым мол дәстүр ел ішінде әлі де кездеседі” [1, 28-29 бб.].

Сонымен қатар, елімізде Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы бойынша шыққан окулықтардың бірінде асарға мынандай анықтама беріледі: “Асар – одна из распространенных обязательств, включавшее в помохи однообщиннику в проведении различных

сельскохозяйственных работ –строительных зимовок, сенокошении, рытье колодца, стрижке и т.п. тот, кому оказывались помощь, должен был только накормить участников асара” [2, с. 125-126]. Асар жүйесі дәстурлі қазақ қоғамындағы көшпелі өмір салтының туындысы болумен қатар, рулық өзара көмектің нәтижесі болып табылады. Асар жүйесінде қазақ қоғамындағы ағайын арасындағы өзара сыйластық және жақынға деген жәрдем бейнеленген.

Мұндай жүйе көптеген халықтардың даму тарихында кездеседі. Мысалы, орыстарда “помощь”, украиндыктарда “толока”, және белорустарда “толака” деген өзара жәрдем көрсетудін дәстүрлері болған. Эрине, бұл жерде оларды асар институтымен толық бір қатарға қоя алмаймыз. Жалпы алғанда, бұл жүйелер өзінің сыртқы көрінісі бойынша ұқсас болып келеді. Сонымен қатар жоғарыда аталған халықтарда қалыптасқан жүйе өзінің мазмұны бойынша да, мәні бойынша да, өзгеше және ол институттар сол халықтардың дамуының белгілі бір кезенде ғана көрініс тауып, кейін дами алмаған. Эрине, оның объективті және субъективті себептері көп. Біздің айтайын дегеніміз, асар институтының ол жүйелерген қарағанда дәстүрінің тұрақтылығы және сабактастықпен ғасырдан ғасырға өтіп, осы күнеге дейін жетуі. Асар жасаудың әлі күнге дейін қазақи ортада сакталып, оқтын-оқтын қолданылуы, қазақ қоғамындағы дәстүрлі санамыздың беріктігінен және “өлімнен ұят күшті” деген өмірлік қағиданың өзгермеуінен.

Кеңестік кезенде асар институты сонымен қатар, қазақ әдет-ғұрып құқығының басқа да нормалары дамымаган, артта қалған патриархалдық қоғамның сарқыншагы, даму үрдісін тежейтін ескіліктің сарыны ретінде бағынады. Сонда да, болса, асар жасау дәстүрі қазақ көп орналасқан аудандарда қолданылып, ұмытылмай келеді.

Асар жасаудың өзіндік қалыптасқан талаптары, жүйесі бар. Оның мәні мынада:

Біріншіден, белгілі бір шаруаны шеше алмаған адамға ағайындық көмек болып табылады;

Екіншіден, асарға шақырылған жақтың арын, ұтынын сыныттың;

Үшіншіден, асар жасау арқылы ағайынаралық ауыз біршілік сакталды;

Төртіншіден, асар жасаушы жақ, асаршыларды тегін күтіп, өзінің қонақ жайлышының көрсетуі қажет, ейтпеген жағдайда ол оның арына сын болады.

Асар жүйесі кейде қазақ арасында “үме” деп те аталады. Қазіргі кезенде асар жасау дәстүрі жаңадан жаңданып, халық ішіне оралуда. Кейбір жағдайда асар жасау үлкен қоғамдық денгейде де жүзеге асырылуда. Оның бір айғағы, кезіндегі “асар” партиясының төрайымы Д. Назарбаева мұрындық болып ел ішінде өткізген асар жасау дәстүрін айтсақ болады. Шын мәнінде, нарықтық қатынастар кезеңінде қазақ ауылында асар жүйесін жаңдандырып қолдану аудай қажет болып табылады. ол қазір ұмтылып бара жатқан ел ішіндегі қазақылықты сактауға, ауыл аралық бірлікті, ағайынгершілікті дәріптеуге себепші болады.

Қорыта келгенде, айтарымыз асар институты ағайынгершіліктің шынайы көрінісі және еліміздің аузыбіршілігін сактауға аз да болса, ықпал етуші көнеден келе жатқан дәстүр.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Қазақтар. Қошпілікке арналған тогыз томдық анықтамалық. – Алматы, 1998. – 208 б.  
[2] Абиль Е.А. История государства и права Казахстана: Курс лекции. 3-е изд. перераб. и доп. – Караганда: ТОО “Учебная книга”, 2005. – 256 с.

## REFERENCES

- [1] Qazaqtar. Ko'pshilikke arnalghan toghi'z tomdi'q ani'qtamal'i.q. Almati', 1998. 208 b.  
[2] Abi"l# E.A. I'stori"ya goswdarstva i" prava Kazahstana: Kwrs lekci"i". 3-e i"zd. pererab. i" dop. Karaganda: TОО "Wchebnaya kni"ga", 2005. 256 s.

## МЕХАНИЗМ СТАНОВЛЕНИЯ ИНСТИТУТА «АСАР» В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Д. А. Турсынқулова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** обычай, традиции, обычное право, адат, асар, аменгерство, сауын, институт биев, взаимопомощь.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются механизмы становления и развития института взаимопомощи «Асар» в традиционном обществе казахов.

Поступила 23.10.2014 г.